



Процесс картасы  
"ОҚУ ІСІ"  
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2  
Дана №1  
Бет 1 - 8

«КЕЛІСІЛДІ»  
Оқу-әдістемелік бөлім отырысында  
Хаттама № 4  
«09» 02 2026ж



## СТУДЕНТТЕР БІЛІМІН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2026 ж



## АЛҒЫ СӨЗ

1.Әзірлеуші	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е Абдиканиеваның басшылығымен жұмыс тобы		02.09.2025
		ҚОЛЫ	
2.Тексеру жиілігі	5 жыл		
3.Орнына енгізілді			
4.Таратылды	Директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, бірлестік жетекшілеріне, пән оқытушыларына, топ жетекшілеріне, менторларға, колледждің штаттан тыс оқытушыларына.		
5.Бекітіліп, қолданысқа енгізілді	Оқу-әдістемелік бөлім шешімімен Хаттама № 1 2025 ж		
6. Келісі	Колледж директоры Ж.А Калмакова	_____	02.09.2025
	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары	_____	02.09.2025
	Директордың оқу-әдістеме жөніндегі орынбасары	_____	02.09.2025
	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	_____	02.09.2025



### М А З М У Н Ы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	4
2. БІЛІМДІ ТЕКСЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	4-5
3. СТУДЕНТТІҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІН АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ.....	5
4. ТЕСТІЛЕРДІ БАҒАЛАУ.....	6
5. БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	6
6. ҚОСЫМШАЛАР.....	7-8



## 1. Жалпы ереже

Студенттердің оқу материалдарын меңгергенін тексеру және бағалау – оқыту нәтижелерін бақылау, оқу процесінің әр түрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс- әрекетін басқару негізі болып табылады.

Білімді тексеру және бағалау студенттің білім алуына көмектесіп, студент пен оқытушының ибiлiм сапасы жөнiнде сандық мәлімет береді. Оқытушы студенттің білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Оқытушы өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке студенттермен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайды. Студент тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда студент өз білімін терең, жан- жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің колледждегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады.

Білім, іскерлік және дағдыларды тексеру және бағалау тәрбиеге де ықпал етеді. Студенттердің өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады. Баға студенттің өзі туралы ойына қозғау салады. Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Колледждің, оқытушылар ұжымның жұмысын білімді басқару органдары студенттердің үлгеріміне қарап бағалайды.

## 2. Білімді тексеруге қойылатын талаптар:

тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрқтылығы, міндеттілігі. Бұл талапты орындамау студенттердің оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

- әрбір студент өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсінуі керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда студент оқытушының сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.
- студенттең білім, іскерлік және дағдылары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес тексеріледі. Бағдарламаны меңгеру – білімді бағалаудың негізгі өлшемі. Оқытушы студенттің қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттерге кеңес, нұсқау, беріп, баға қоймайды.
- оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;
- білім, іскерлік дағдыларды түрлі түрлі тәсілдер арқылы тексеру;
- байқалған кемшіліктерді студенттің өзі түзетуі;
- оқытушының студенттерді білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;
- бағаны әділ қойылуы;
- студенттің өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;
- әр тақырыпты оқудың нәтижесіне оқытушының және студенттердің баға беруі;
- бақылау-бағалау процесінің әрбір студенттің оқу үлгерімінің төмендемеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.

Кіріспе тестілік бақылау диагностикалық мақсатта оқу пәнін зерттеудің алдында өткізіледі және оқытушыны студенттерді дайындаудың бастапқы деңгейімен таныстырады.

Оқу үлгерімін ағымдық бақылау- (тақырыпнамалық тесттер, диктанттар, бақылау жұмыстары) - әрбір тақырып немесе бөлім бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақтарда оқытушы жүргізетін студенттердің білімін жүйелі тексеру. Ол оқу пәнін



қолдауға, студенттің меңгерілетін пәнге деген көзқарасын анықтауға, тұрақты үй тапсырмаларын ұйымдастыруға, оқу материалын меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған;

тәрбиелік мақсаттарға ие және студенттердің және психологиялық ерекшеліктерін ескереді. Ағымдық бақылау негізінде айға және жарты жылға баға қойылады.

**Аралық аттестаттау** (межелік, қорытынды тесттер, міндетті бақылау жұмыстары) студенттердің пәнді оқуды аяқтағаннан кейінгі бір оқу пәні бөлімін немесе жалпы оқу пәні мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында өткізіледі. Аралық аттестаттау студенттің даму сәттілігі мен оқудың белгілі кезкнінде оның білім беру бағдарламасын меңгеруін анықтайды. Аралық аттестаттаудың кенінен таралған түріне межелік немесе қорытынды тестілеу жатады.

**Қорытынды аттестаттау**- білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейі мен сапасын анықтау мақсатында бағалаудың сараланған жүйелерін қолдана отырып өткізілетін шара. Қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға рұхсатты колледж директоры береді. Егер студенттер барлық сабаққа үлгерсе және колледждің педагогикалық кеңесі шешімінің негізінде денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылады.

### 3. Студенттің оқу үлгерімін ағымдық бақылау

- теоретикалық оқыту журналына және жартыжылдық ведомстіне;  
- аралық аттестаттау ведомстіне – тестілеуді талдау парақтарына енгізіледі және циклдік әдістемелік комиссия төрағасында (төрайымында) болады. Студенттерді қорытынды аттестаттау (емтихан) бағалары емтихан ведомстіне енгізіледі және бөлім меңгерушісіне өткізіледі. Егер студент сабақтың 50 % ғана қатысса, жартыжылдыққа оқу үлгерімін ағымдық бақылау нәтижелері бойынша орташа арифметикалық балл қойылады. Сабақтың 50 % астамына қатыспаған студенттерді аттестаттау мәселесі педагогикалық кеңесте қарастырылады. Жылдық баға: жарты жылдық бағалардың, жыл ішіндегі аралық аттестаттаудың барлық формалары бойынша нәтижелері жиынтығының негізінде қойылады. Білім бағдарламаларын толық меңгерген студенттер келксі оқу курсына көшіріледі; оқу жылының бағдарламасын меңгермеген және бір немесе бірнеше пәндер бойынша академиялық қарыздары бар студенттер колледждің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша студенттер қатарынан шығарылады. Студенттерді оқудан шығару негіздемелері мен тәртібі колледж жарғысымен анықталады.

**Тестілер** - колледж студенттерінің білімдері мен машықтарын бастапқы, ағымдық, қорытынды бағалауға арналған. Олар студентке өзін өзі тексеру барысында тестілеу кезінде өз білімінің деңгейін анықтау мүмкіндігін береді. Ұсынылған тапсырмаларды қолдану арқылы студенттердің білімді меңгеруі деңгейі туралы, қалыптасқан машықтары мен дағдылары туралы ақпарат алуға болады. Жауаптары таңдалатын тапсырмаларды орындау барысында әркімге әр тақырып бойынша білімді меңгеруге қойылатын міндетті талаптардың көлемін елестету, өз жетістіктерін әділ бағалау мүмкіндіктері берілетіндіктен, олар асас құнды болып табылады.

**Тест түріндегі тапсырмалар күрделілік деңгейі және материалдың мазмұны бойынша бөлінеді:**

- базалық- тұжырымдаманы, қандай да бір қағиданы немесе оны белгілі жағдайда қолдануды жаңғыртуды талап етеді;
- жоғарылатылған – құбылыстар немесе объектілер туралы білімдер жүйесін қолдануды талап етеді. Тапсырмалардың өзі бір немесе тізбекті құбылыстарды сипаттайтын шамаларды есептеуге арналған тапсырмаларды білдіреді.



#### 4.Тестілерді бағалау:

- өте жақсы - тестілеу бойынша дұрыс жауаптар саны 90 % –дан кем болмауы тиіс.
  - жақсы -70% – дан кем емес
  - қанағаттанарлық - 50% –дан кем емес.
  - қанағаттанарлықсыз – 49% және одан да төмен
- Егер студент тестілеуге себепсіз қатыспаса, бағасы 0,8 коэффициентімен қойылады.

#### 5.Бақылау жұмыстары

Оқытудың соңғы нәтижесін, берілген тақырып немесе бөлім бойынша белгілі тапсырмаларды шешуге білімін қолдану машықтарын анықтау мақсатында өткізіледі. Мазмұнын талдамалы, графикалық және эксперименттік тапсырмалар құрайды. Бақылау жұмыстарына теоретикалық сұрақтарды қосудың қажеті жлқ, себебі студент толық және егжей-

тегжейлі жауапты жазбаша әрдайым жеткізе алмайды. Бақылау жұмыстары- тексеру мен есепке алудың міндетті әрі жүйелі формасы болып табылады. Оларды негізгі тақырыптар немесе бөлімдер бойынша өткізу керек. Бақылау жұмысын орындау барысында тапсырмалар нөмерлерін сақтай отырып ерікті тәртіпте шешіледі. Шешімдері аталған пән бойынша қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделеді. Жауаптары сұраққа сәйкес келуі, қысқа, бірақ барынша негізді болуы тиіс. Бақылау жұмысын орындау барысында анықтамалықтарды, кестелерді, калькуляторларды қолдануға рұқсат беріледі. Бақылау жұмыстарын бағалау: тапсырмалардың күрделілік деңгейі бойынша балл қою:

- өте жақсы -90-100%
- жақсы-70-89%
- қанағаттанарлық- 50-69 %
- қанағаттанарлықсыз-49% –дан төмен

#### Балл қоясыз:

- өте жақсы – оқу бағдарламасының мазмұнын терең және толық білетін, оқу материалындағы теория мен фактіні ажырата алатын, жауабын өз бетімен жүйелі етіп құрастыратын, анықтама, ұғымдарды түсінетін, тілдік нормаларды сақтап сенімді, қатесіз, жауап беретін қосымша материалдар қолдана алатын, ойы оралымды студентке қойылады (жұмыс толық орындалды; логикалық пайымдаулар мен дәйектемелерде кемшіліктер мен қателіктер жоқ).
- жақсы – ереже, анықмаларды дұрыс түсініп, дәлелдей алатын, бірақ кейбір жерлерін нақты айтпайтын, жекелеген қате жіберетін студентке қойылады (жұмыс толық орындалды, бірақ қадамдарын негіздеу нақты емес; есептеулерінде біраз қателіктер бар, жауаптың мазмұны жалпы оқу материалдарының көлеміне сай келеді);
- қанағаттанарлық – оқу материалындағы негізгі ережелерді, тәуелділіктерді үстірт түсінген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз, оқытушы уәмегімен жауап беретін оқушыға қойылды (бірліктерді аударуда, формулаларда, графиктерде біреуден астам қателіктер немесе екі-үш кемшіліктер жіберілген, бірақ студент тексеретін тақырып бойынша міндетті машықтарды меңгерген);
- қанағаттанарлықсыз - негізгі мен көмекшіні, теория мен фактіні ажырата алмайтын, жаттанды сөйлейтін, бағдарламаны игеруге мүмкіншілігі жоқ, бағдарламаның материалын түсінбейтін студентке қойылады (студенттің берілген тақырып бойынша машықтарды толық меңгермегендігін көрсмететін маңызды қателіктер жіберілген).



